

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Қанекеңнен қалған қастерлі мұра

Өмірін өнегемен өрген тұғырлы тұлғалардың артына қалдырған рухани мұрасынан бөлек, тіршілігінде тұтынған бұйымдары мен жеке заттары да кейінгілер үшін қастерлі мұра. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіндегі академик атымен аталатын шағын музей ғибратты ғұмыр иесінің өмір тынысынан сыр шертетін бірегей орын.

Ғылым сардарының музей төрінен орын алған кітап сөресі бірден көзге түседі. Қатпар тарихтың сарғайған естеліктерін сіңірген ағаш сөре арманы биік академиктің ғылымдағы ең бір жемісті жылдарында тұтынған бұйымы болса керек. Бір қабырғаны тұтас жауып тұрған алып сөре талай қазыналы кітаптардың қоймасы ғана емес, ұлы тұлғаның алақаны тиген айшуақ естелік. Қаныш Имантайұлы дүниеден өткенде Ғылым академиясына тапсырылған жәдігердің ғалым атымен аталатын тарихи мұражайға тап болуына белгілі сәтбаевтанушы Надежда Ниретина мұрындық болған. Мұнда ғалымның көптеген кітабы мен архивтік құжаты әлі күнге дейін қаз-қалпында сақтаулы тұр. Тарихи музейдің жетекшісі Жеңіс Молдабековтің айтуынша, онда тұрған көптеген құжат пен тағылымды еңбек зерттеушілер үшін таптырмас олжа.

Бар қажыр-қайратын ұлт ғылымының өрістеуіне арнаған академик қазақ даласының қаншама атырабын аралап, туған өлкенің тау мен тасын, нуы мен суының қасиетін зерттеуге бастамашы болды. Музейдегі тағы бір таптырмас естелік – Қаныш Имантайұлының өмір бойы қолданып өткен компасы. Былғары қабы бар бірегей бұйым музейдегі бағалы жәдігерлердің бірі. Сондай-ақ академиктің жеке қолжазбаларымен бірге сарғайған парақтардағы сағыныш хаттары Қаныштан қалған қастерлі қолтаңба. Қызмет барысында жазылған дүниелерден бөлек, 1957 жылдың күз айында жары Таисия Алексеевнаға Мәскеуден жолдаған хатының түпнұсқасы осында тұр. Маржандай қолтаңбамен жинақы жазылған хат академиктің сол сәттегі көңіл ырғақтарын арқау еткен.

– Музейде тұрған әрбір жәдігер, сирек фотоқұжаттар, архивтік дүниелер Қаныш атамыздың көзіндей болған маңызды естеліктер. Музейдің

ауқымын кеңейтіп жыл сайын жаңа дүниелермен толықтырып келеміз. Ғалымның мерейтойлары аясында сыйға тартылған кітаптар мен естелік заттар да осында орналастырылған. Еліміздің әр аймағынан келген студенттер Қаныш аталарынан қалған қастерлі мұраларды көзімен көріп, академик атымен аталатын оқу ордасында білім алатындарын мақтан тұтады. Университет ректоры Мейрам Бегентаевтың бастамасымен көптеген игі бастама қолға алынды. Мәселен, негізгі оқу корпусының дәлізіне мыңдаған минерал қойылды. Университет қорында 500 мыңға жуық минерал сақтаулы, – дейді музей директоры Жеңіс Молдабеков.

Мемлекеттік архив қорынан алынған Сәтбаев таспаланған бейнеролик музей келушілеріне ұдайы көрсетіледі. Университет ғалымдары мұндағы маңызды зерттеу құжаттарын сабақ барысында көрнекілік құрал ретінде пайдаланатындарын айтады.

Сонымен бірге музейде ғалымның отбасылық заттары мен ұрпақтары қолданған жәдігерлер аз емес. Айталық әкесінің ғылымдағы даңқты жолын жалғастырған қызы Мейіз Қанышқызы қолданған микроскоп пен жиен немересі Шәмшәбану сыйға тартқан әулеттің отбасылық домбырасы музей төрінен орын алған. Белгілі ғалым Ұлықпан Сыдықов, бір басына сан түрлі санаткерлік тоғысқан Қаныш Имантайұлы қолы қалт еткенде домбырасын алып, әндетіп отырып сырлы саздан қуат алғанын айтады. Ғалымның айтуынша, қайраткерлік жолы мен ғылымдағы еңбегінен бөлек Қ. Сәтбаевтың адам ретіндегі күйініш-сүйінішін, мұң-наласын, жан дүниесінің ырғақтарын көрсететін естеліктер көп айтыла бермейді. Қабдеш Жұмаділовтің «Академиктің көз жасы» еңбегі секілді мөлтек сырға толы жылы дүниелер көптеп жазылуға тиіс.

Бұл жерден бөлек, Сәтбаев әлеміне сапар шектіретін тарихи музейлер ғалымның туған жерінде, ғылым академиясында бар екені көпшілікке белгілі. Ондағы әрбір жәдігер – Қаныш Имантайұлынан қалған қастерлі мұра.

Арман ОКТЯБРЬ